



# Мұнайлы Әлке

Газет  
2009 жылдың  
01 мамырынан  
шығады

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті  
№ 11 (27), қыркүйек, 2011 жыл

**АРНАЙЫ  
ШЫҒАРЫСЫМ**

- Алғашқы Маңғыстау мұнайын ашқан бригада мүшелері
- |                      |                          |                         |
|----------------------|--------------------------|-------------------------|
| 1. Петров Николай    | 14. Нарзан Касибаев      | 19. Касибаев Әсет       |
| 2. Бекенов Бексұлтан | 11. Леминский Сергей     | 20. Калмаев Бектұр      |
| 3. Қайышев Оңғар     | 12. Қыстаубаев Жосалы    | 21. Қыстаубаев Қу       |
| 4. Пастухов Николай  | 13. Тоғжанов Дәріп       | 22. Әлімов Әлімжан      |
| 5. Оспанов Касибаев  | 14. Бердібаеван Кемелжан | 23. Жуковский Михаил    |
| 6. Қашыбаев Ермұқан  | 15. Сәлімов Шәмір        | 24. Төрешұратов Аманжол |
| 7. Тарханов Ермұқан  | 16. Оңайбаев Талғат      | 25. Қалдыбаев Қожа      |
| 8. Шаталов Сәлібай   | 17. Бурбаев Оңай         | 26. Байқасанов Нұрғали  |
| 9. Аманжол Қали      | 18. Сүлейменов Әсет      | 27. Жураев Рустем       |



## МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНА 50 ЖЫЛ



# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



## Құрметті Маңғыстаулық мұнай және газ саласының ардагерлері мен қызметкерлері!

Сіздерді Маңғыстау мұнайының 50 жылдық мерейтойымен және кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын!

Былд Тәуелсіз еліміздің 20 жылдығының аясында аталып отырған Маңғыстау түбегінің алғаш мұнайының ашылғанына 50 жыл толуы ерекше оқиға. Өйткені облыстың құрылуы да, көрі Каспийдің жағасындағы Ақтаудай шағала түстес шаһардың салынуы да 1961 жылы майлы кияда атқылған алғашқы мұнай бұрғағымен байланысты. Сондақтан да бұл өлкенің өткені, бүгінгі мен ертеңі де негізінен мұнай және газ өндіру, оны өңдеумен тікелей байланысты.

Біз жер байлығын игеріп, оны ел қажетіне жұмсауда ерен еңбек еткен мұнайшы ардагерлерімізді мақтаншп етеміз, олар арқапан құрметке лайық.

Өткен Тәуелсіздіктің 20 жылы ішінде қазақстандық мұнайшылар қыруар жұмыстар атқарды. Алайда алда тұрған міндеттер одан да зор. Салаға тың технологиялар әкеліп, жаңа кен орындарын игеру қажет. Мұндай сыртқа шығару жолдарын кеңейту міндеті де біз үшін ерекше өзекті. Еліміздің мұнай-газ саласында еңбек ететін азаматтар алда тұрған міндеттерді абыроймен атқарып, индустриалды-инновациялық дамуымызға үлес қосатынына сенімім мол.

Еліміз үшін маңғызы аса зор еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға береке мен бірлік, амандық пен саулық тілеймін!

Қазақстан Республикасының Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаев



## Құрметті әріптестер!

Сіздерді «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы басшылығының және өз атымен Маңғыстау мұнай-газ кенорындарының 50 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отырғаны жақсылық үндестігі болар.

Бүгіндері тәуелсіздік жылдары буыны бекіген Қазақстанның мұнай-газ саласы ел экономикасының негізгі тірегі болып отыр.

Каспий қайраны мен құрлықтағы кен орындары мұнай мен газға, басқа да көмірсутек қорларына аса бай.

1960-шы жылдардың басында Маңғыстаудың жерасты байлықтарын игеру ірі Оңтүстік Маңғыстау мұнай-газ бассейнінің ашылуымен басталған болатын. Сол жылдарда жүргізілген іздеу және барлау жұмыстары табысты аяқталды – Өзен және Жетібай, ал одан кейін Тенге, Тасболат, Қарамаңдыбас, Шығыс Жетібай және басқа да мұнай кен орындары ашылып, игеріле бастады.

Бүкіл елдің «мұнай маржаны» болған Өзен кен орны ғана емес, сондай-ақ Қаражамбас, Солтүстік Бозақы, Қаламқас сияқты бірқатар белгілі ірі кен орындары ашылды.

Қазіргі уақытта бүкіл Қазақстанда өндіріліп жатқан мұнайдың 9 пайызын «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының еніп-лес ұйымы – осы өңірдегі ең ірі мұнай компаниясы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндіріп отыр.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өңірдің өмір салтын, әлеуметтік-экономикалық дамуын түбегейлі өзгертуге атсалысып келеді.

2010 жылдың өзінде ғана Маңғыстаудың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға компания 5 млрд. теңгеден астам қаражат бөлді.

Ал биылғы жылы мерейтой қарсаңында Жетібай кенорнында дене шынықтыру-сауықтыру кешінен өнер мектебінің құрылысын аяқтап, ауыл тұрғындарына сый жасамақ.

Теңдессіз алып келіштерді игеріп жатқан ұрпақ – кезінде аға буының салып кеткен ізін жаңылмай, олардың өнегелі істерін, дәстүрін, еңбек жолдарын абыроймен жалғастырып келе жатқан – сіздерсіздер.

Сіздердің бәріңізге зор денсаулық, баянды бақыт және ұзақ өмір тілеймін. Отбастарыңыз арқапан амандықта болып, шаңырақтарыңыз паттық пен мырсақ тола берсін. Еліміздің ертеңі жолындағы еңбектеріңізде жаңа жетістіктерге жетіңіздер.

«ҚазМұнайГаз» УҚ АҚ Басқарма төрағасы  
Қ.Қабылдин

## Қымбатты маңғыстаулықтар!

Сіздерді Маңғыстау мұнайының 50 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Бұл мереке осы күні Маңғыстау мұнайының қайнар көзін ашып, туған жердің әуақатын жақсартуға ғұмырын арнағандарға алғыс айтып, құрмет көрсетуге мүмкіндік беретіндігімен біздің барлығымыз үшін ерекше маңызды. Аймақ мұнайшыларының бүгінгі ұрпағы олар қалыптастырған дәстүрді лайықты жалғастыра отырып, Қазақстанның гүлденуіне өз еңбектерімен үлес қосуда.

Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасына орай жағалы инфрақұрылымды нысандарының кең көлемді дамуын қарастыратын Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін игеру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бүгінде ең перспективалы мұнай кенорындары Каспийдің қазақстандық бөлігінде орналасқан, бұлар – «Қашаған», «Н» блогы, «Жемжужина» кенорны және басқалар. Біздің алдымызда Маңғыстаудың теңіз бен құрлықтағы мол байлығын игеру үшін одан әрі жемісті еңбек етуге тура келеді.

Мұнайлы аймақ тұрғындары Тәуелсіздік алған 20 жыл ішінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосты.

Сіздердің баршаңызға және отбасыларыңызға мықты денсаулық, бақыт, гүлдену және ұзақ өмір тілеймін!

Құрметпен,

Маңғыстау облысының әкімі  
Қырымбек Көшербаев

## «МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНА 50 ЖЫЛ» МЕРЕКЕЛІК БЕЛГІСІ

Маңғыстау мұнайының жарты ғасырлық мерейтойына «Маңғыстау мұнайына 50 жыл» мерекелік тосбелгісі шықты.

«Маңғыстау мұнайына 50 жыл» мерекелік белгісі Маңғыстау облысының мұнай-газ кешінің дамуына және ығытуына маңызды үлес қосқан адамдарды Маңғыстау мұнайының 50 жылдығын мерекелеуге байланысты көтермелеу үшін сыйлық болып табылады.

Мерекелік белгімен мұнай-газ өндірісінің тиімділігін, шығарылатын өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, өнімнің жаңа түрлерін, озық технологияларды игеруге үлкен үлес қосқан, қолжылдық адал еңбегі үшін кәсіпорындардың, мекемелердің, мемлекеттік және жеке меншік ұйымдарының жоғары білікті жұмыскерлері; білім, ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамытуға маңызды үлес қосқаны үшін мұнай-газ саласындағы білім және ғылыми мекемелердің жұмыскерлері; мұнай-газ кешінің азаматтарының жағымды бейнесін қалыптастыруға ықпал ететін тұлғаларды қасағаны үшін шығармашылық зиялы қауымдардың өкілдері; мұнай-газ кешінің дамуы мен басқару қызметтерін жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер, Қазақстан Республикасы облыстарының және жергілікті өзін өзі басқару органдарының мемлекеттік қызметшілері; Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешінің дамуына жеделік сүбелі үлес қосқан Қазақстан Республикасының және

шет елдің мемлекеттік, қоғамдық және саяси қайраткерлері; денсаулық сақтау, білім, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жүйелерінің қызметкерлері марапатталады.

Диаметрі 38,2 мм мөлшерлі мерекелік белгі алтын жалатылған жезден жасалған. Медальдың он жағының ортасында Маңғыстау облысы картасының суреті бейнеленген, оң жағында «2011» жыл бедері бейнеленген, сол жағында «1961» жыл бедері бейнеленген, төменгі жағында мұнай тербелісінің бедері суреті орналасқан. Аталған композиция 2 жиекпен бедерлі рәсімделген, жиектердің арасында дөңгелегіп жоғары бөлігінде «Маңғыстау мұнайына 50 жыл», төменгі бөлігінде – қазақша стильде ою-өрнек орналасқан. Мерекелік белгінің келесі бетінің ортасында Маңғыстау облысы әмілмасының суреті бедерлі орналасқан. 31,13\*20,1 см болып келетін қалып мөлшері суық көгілдір түсті эмальмен толықтырылған, түйреуілі ілмекпен қалады.



лицевая сторона

обратная сторона

## ЮБИЛЕЙНЫЙ ЗНАК В ЧЕСТЬ 50-ЛЕТИЯ МАНГИСТАУСКОЙ НЕФТИ

К полувековому юбилею мангистауской нефти выпущен наградный знак «Маңғыстау мұнайына 50 жыл».

Юбилейным знаком были награждены высокопрофессиональные работники и ветераны предприятий, учреждений, организаций,

нефтегазовым комплексом; государственные, общественные и политические деятели Республики Казахстан и зарубежных стран, внесшие значительный вклад в развитие нефтегазового комплекса Республики Казахстан; работники систем здравоохранения, образования, строительства, жилищно-коммунального хозяйства.

Юбилейный знак диаметром 38,2 мм сделан из латуны с покрытием, имитирующим золото. На лицевой стороне медали по середине расположено рельефное изображение карты Мангистауской области, справа – рельефное изображение год «2011», слева – рельефное изображение год «1961», внизу расположено рельефное изображение нефтяной качалки. Данная композиция обрамлена рельефом двумя блестящими полосами, между полосами по кругу расположена надпись «Маңғыстау мұнайына 50 жыл», в нижней части – орнамент в казахском стиле. На обратной стороне юбилейного знака по середине расположено рельефное изображение эмблемы Мангистауской области. Размер колодки 31,13\*20,1 см, он наполнен холодной эмалью голубого цвета, крепление осуществляется с помощью булавки с визорным замком.

государственной и частной форм собственности, внесшие большой вклад в повышение эффективности нефтегазового производства, качества и конкурентоспособности выпускаемой продукции, освоение новых видов продукции, передовых технологий, и за многолетний добросовестный труд; работники образовательных и научных учреждений нефтегазового профиля за значительный вклад в развитие образовательной, научной и научно-технической и инновационной деятельности; представители творческой интеллигенции за создание произведений, способствующих формированию положительного образа труженика нефтегазового комплекса; государственные служащие, государственные служащие областей Республики Казахстан и органов местного самоуправления, осуществляющие функции по развитию и управлению



# «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мерейтой шаралары

Сонымен, Маңғыстау мұнайының 50 жылдығының мерейтойлық шаралары да өтті. Өткен бірнеше күн ішінде бір сәттегідей көптеген жарқын, облыс тұрғындары мен қонақтарының естерінде қаларлық оқиғалар орын алды. Маңғыстау мұнайының мерейтойы тек қана мұнайшылардың мерекесі емес, сонымен қатар барлық облыс тұрғындарының мерекесі, өйткені жаңа кенорындардың ашылуы түбегінің дамуына түрткі болды. Және де бұл мереке – құбырдағы мұнайдың алғаш жылуын өз қолымен сезінген ардагерлердің, Маңғыстау мұнайының алғаш игерушілерінің мерекесі. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мерейтойдың ашылу салтанатында Маңғыстау мұнайының он үш алғаш игерушілерімен кездесуі кездейсоқтық емес.



## АҚТАУ



Осы жылдың ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы ардагерлермен бірнеше рет кездесті, ақсақалдар барлық мерекелік шараларда сыйлы қонақ болды, бірақ, бұл кездесу ерекше өтті, өйткені ол Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына арналған ресми шаралардың ашылуы болды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Өсет Мағауов ардагерлерді мерекелерімен құттықтап, оларға зор денсаулық және ұзақ құмыр тілей отырып, компанияның аймақта мұнай өнеркәсібінің дамуына жол салған алғаш игерушілерді ешпашан ұмытпайтындығын айтты.

- Маңғыстау мұнайының тарихы 1961 жылдан бастау алады. 50 жыл бұрын қасиетті жерімізде мұнайдың алғаш бұрқағы атты. Маңғыстаудың Жетібай кенорынындағы бұл алғашқы бұрқақ сілдегі жаңа мұнай беруші аймақтың пайда болғанын білдірді. Бұл жетістіктер мұнай-газ саласының ашылуының басында болған ардагерлерсіз мүмкін емес, - деді Ө.Мағауов.

Бас директор тағы да ардагерлерге денсаулық тілей отырып оларға 400 000 теңгелік сертификаттар табыс етті.

Ардагерлер атынан сөз сөйлеген Қайып Азанбаев компанияға алғысын білдірді

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ осы күнге дейінгі көрсетіп келген қамқорлықтары

үшін рахмет, бұл арқылы біз, ардагерлер көп уақыт бойы компания мен аймақтың дамуына еткен еңбегіміздің еш болмағанын көріп отырмыз – деді Қайып Азанбаев.

Кездесу емің-еркін сарында өтті: ардагерлер мұнайды игерудің алғашқы жылдарын ойға оралтты, тәжірибелерінде кездескен жағдайларды айтып еске алысты. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері алғашқы игерушілер – Маңғышлақ мұнайының корифейлерінің салып кеткен жолдары мен дәстүрлерін лайықты жалғастырамыз деп уәде берді.

31 тамыз күні Маңғыстау мұнайының 50-жылдығына арналған мерейтойлық іс-шаралардың легін ресми түрде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымының өкілдері жиналған Н. Жантөрин атындағы облыстық музыка-драма театрындағы салтанатты жиналыс ашты. Үлкен залда компания мен оның құрылымдық бөлімшелерінің («Қаламқасмұнайгаз» бен «Жетібаймұнайгаз»), сервистік компаниялардың басшылығы мен қызметкерлері, ардагер мұнайшылар жиналды.

Салтанатты жиналыс республика бойынша жалғыз балалардың «Ер-Тостік - Мира» атты әуесқойлар хорының орындауындағы Мемлекеттік Әнұранмен ашылды.

Әрі қарай документалды хроникаларда мұнайгаз өндіруші кәсіпорнын тарихының құрылған күнінен бастап осы бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы өзгерістері көрсетілді.





## «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мерейтой шаралары



Жиналғандардың алдында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Өсет Мағауов құттықтау сөз сөйледі.

-50 жылдың ішінде Қаламқас пен Жетібай кенорындарын құру мен дамыту, мұнайшылардың жаңа буынның қалыптасуы бағытында көптеген ауқымды істер атқарылды. Бүгінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ шикізат қоры мен біліктілігін тиімді пайдалану нәтижесінде жашылай алғанда, Қазақстанның және Маңғыстау облысының мұнайгаз саласында қарқынды және тұрақты дамуының ажырамас бөлігіне айналып отыр. Негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің тұрақты өсімі, ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуы, мұнайгаз өндіруші компаниялар, құрылымдық және сервистік кәсіпорындар қызметкерлерінің жоғары кәсіпқорлықты - бұл аталғандардың барлығы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметін басқалардан ерекшелен тұрады. Алда - ҚР мұнайгаз кешпінің әрі қарай дамуына қажетті жаңа міндеттер күтпін тұр - деді Ө.Мағауов.

Мұнайшыларды облыс әкімінің атынан өңір басшысының бірінші орынбасары Амангелді Айтқұлов құттықтады. - Мұнайшылар күні - бұл тек қана мұнай мен газды барлап, өндіретіндердің мерекесі емес. Бұл сонымен қатар, мұнайды тасымалдауды, өңдеуді қамтамасыз ететін, мұнай және мұнай өнімдерінің маркетингін жүргізетіндердің де мерекелік күні. Осы салаға қатысы бар, оны сапалы байланыспен, көлікпен, қажетті өндірістік және әлеуметтік нысандармен қамтамасыз ететін мекемелер тең дәрежеде мерекелік шараларға қатысы. Бүгінгі таңда Қазақстанның мұнайшылары мен «Маңғыстау

мұнайгаз» АҚ алдында мемлекеттік деңгейде шешілетін, Қазақстанның жылдамдатылған индустриалды-инновациялық дамуындағы Ел басшымен қойылған жаңа мақсаттары тұр. Мұнайгаз кешпінің маңызды мәселелерді басқа салаларды дамыту арқылы жүзеге асырып отыруға қабілетті және де әлемдік көмірсутектер нарығына барынша тәуелсіз Қазақстан экономикасын дамытуға негіз болып табылады. Облыс әкімі Қырымбек Кошербаевтың атынан Қазақстан халқының игілігі жолындағы еңбектеріне табыс, жаңа жетістіктер, мықты денсаулық тілеймін! - деп атап айтты А.Айтқұлов.

Ол Қоғамның үздік қызметкерлерін ҚР Премьер-министрінің және облыс әкімінің мақтау қағаздарымен марапаттады.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы - Өсет Мағауов және Сунь Синьюн ардагерлерге, сонымен қатар компанияның қызметкерлеріне ұлттық компания «ҚазМұнайГаз» және «Маңғыстаумұнайгаз» атынан мақтау қағаздарын, алғыс хаттар, дипломдарды және «Маңғыстау мұнайына 50 жыл» мерейтойлық медальдарын табыстады.

Ерекше алғыс сөздері ең алғаш Маңғыстаудың қара алтынының қайнар көзін іздеген, оны өндіріп, тасымалдаған ардагер-алғаш игерушілерге арналды.

Сол күні кешке Гранд-отель «Нұр-Плаза» мейрамханасында мұнайгаз саласының ардагерлеріне арналған салтанатты шара өткізілді. 200 астам Маңғыстау облысының, сонымен қатар Астана, Алматы мұнайшы-ардагерлері мұнай өнеркәсібіне еңбегі сіңген қызметкерлерге арналып жайылған кең дастархан басында кездесті.

Өсет Мағауов және Бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Асқар Рахманов ардагерлерге «Маңғыстау мұнайына 50 жыл» мерейтойлық медальдарын табыстады және Отанымыздың дамуы мен гүлденуі жолында ұзақ та адал еңбектері үшін алғыстарын білдірді!

Салтанатты іс-шаралардың алғашқы күнін Маңғыстау мұнайының 50-жылдығы мерейтойына арналған «Нұр-Плаза» коңақүйіндегі мейрамханада «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаламқасмұнайгаз»



бен «Жетібаймұнайгаз», сервистік компаниялардың қызметкерлері шақырылған мерекелік кешпен аяқталды. Көптеген конкурстан тұратын шоу-бағдарлама, әртүрлі қойылымдар, қазақстандық эстрада жұлдыздарының концерті кеш көрігін қыздыра түсті. Сонымен қатар кештің басты қонағы 80-90 жж

жұлдызы, атақты әнші С.С.Сatch болды. Өзінің атақты хит әндерін орындап, көпшіліктің есіне жастық шағын түсірді. Айтпақшы С.С.Сatch мын есімі - Каролина Катарина Мошлер, ал оның лақап атын сол кездері «Modern Talking» тобының орындаушысы болған Дитер Болен қойған екен.

## ЖЕТІБАЙ



1 қыркүйекте мерекелік іс-шаралар Жетібай кентінде өз жалғасын тапты. Мерекелік шараларға 50-ден астам үміткер қатысқан, ат-спорттық сайыс «Аламан Бөйге» бастама болды. Аламан бөйге ежелден қазақтардың сүйікті ат спортының біреуі саналады. Аталған жарыста аттың шыдамдылығы сыналды, дегенмен сын сағатт ат үстіндегі шабандоздың да шеберлігі мен әдіс-айласы да зор рөл атқармақ. Халық өз жігіттерінің күшті, ержүрек әрі епті болғанын қалаған. Сондықтан да өмірге қажетті ептілікке үйрену үшін ат спортының халық арасында беделі өте күшті болды. Олардың сайысушылық сипаты жастарды шыдамдылыққа, қайсарлық пен батылдылыққа тәрбиелейді. Осыларды қоса алғанда, ат-спорттық сайыстарының тағы бір ерекшелігі, мұнда халықтың рухы көтеріледі, және әрбір сайыс өте қызықты қойылымға айналады.

Бұл шыншындыда өте тартымды көрініс болды - шабандоздың әрқайсысы мәреге алғашқы болып жетуге ұмтылды. Себебі, басты сыйлық - шетелдік автокөлік болатын! Нәтижесінде, 35 км арақашықтығы басып өткеннен соң бірінші болып мәре сызығын Ақшұқыр селосынан келген 13 жастағы Нұркен Бөлтөков өзінің Санта атты араб тектес сәйгүлігімен кесіп өтті. Сәйкесінше «KIA» автокөлігінің кілті де осы балаға бұйырды. - Бұл өте қызықты бөйге болды, - дейді жарыстың жеңімпазы. - Негізінен мен басынан бастап алғашықтым және дистанцияны сенімді бақылап келдім. Бірақ та қарсыластарымыздың мықты болғандығын айтқым келеді.

Көлікке келетін болсақ, жүргізушілік құжатым жоқ болғандықтан көлікті ата-анам беремін. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына осындай өткізіліп жатырған мерекелік шаралар, аламан ат бөйгесі және де мақтанға тұрарлық жүлде үшін алғысымды білдіріп келеді!

13 жасар батыр сонымен қатар өзінің сәйгүлігіне де алғысын білдіріп, жеңіске жетуің үлкен үлесі Сантаға тиесілі екенін айтты. Нұркен осымен жыл басынан бері үш рет аламан-ат бөйгесінің жеңімпазы болды. Қазіргі таңда Нұркен Ақшұқыр ауылының лицейінде 7 сыныпта оқиды, ат шабыстарынан басқа ол бокспен де шұғылданады және бұл спорт бойынша да осы уақытқа дейін Ресейге жарысқа барып үлгерді.

Екінші орынды және «Daewoo Nexia» көлігін Байсұңғыр сәйгүлігінде Таушықтан келген 14 жасар Жасұлан Тілеген иемденді. Үшінші болып Қоңырайғыра мінген М.Ерболғанов келді. Ол Түпқараған ауданына ВА3 2107 көлігін алып кетеді. Төртінші, бесінші және алтыншы орын иелері де жүлдесіз қалған жоқ, олар жеңістері үшін тиісінше кеңқараңды теледидар, сәкікамаралы тоңазытқыш және қысқа толқынды пешке ие болды.

Осы күні Жетібай кентінде №6 ұңғының қасына Маңғыстау мұнайының алғаш игерушілеріне арналып орнатылған ескерткіштің жанында жиын өткізілді. Дәл осы жерде жарты ғасыр бұрын Маңғыстауға алғаш мұнай бұрқағы атқылады және бұл өлкеңің қарқынды дамуына жол ашты.



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мерейтой шаралары

Маңғыстау облысының әкімі Қырымбек Көшербаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ президенті Қайырғелді Кабылдин, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Әсет Мағауов ардагер-мұнайшаларды мерейтоймен құттықтай отырып, бүгінгі күні барлық Қазақстан халқы алғаш игерушілерге деген құрмет-терін білдіретіндіктерін айтты.

Неб ұңғының тәуліктік өнімінің көлемі - 400 тоннаға дейін жетті, бұл керемет көрсеткіш болды. Бұндай жоғары көрсеткіш осы уақытқа дейін елдің ешбір кенорынында болған емес.

Ал 1961 жылдың желтоқсанында №1 ұңғыдан «Өзен» кенорының алғашқы мұнай бұрқағы атты. Осы уақыттан бастап ізлеу жұмыстары кең ауқымды жүргізіле бастады.

1963-64 жылдары Қарамандыбас мұнай кеноры, Теңге және Тасболат мұнайгаз кенорындары, кейіннен Жетібайлық кенорындар – Асар, Шығыс Жетібай және т.б. ашылды бастады. Сәл кейінірек Маңғыстаудың атағын Қаражанбас және Қаламқас кенорындары әлемге әйгіледі.

Маңғыстау мұнайының 50-жылдығын тойлау іс-шаралары аясында тағы бір мәні бар оқиға – өнер мектебінің салтанатты ашылуы болды.

Жаңа өнер мектебі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қаржысы есебінен салынды, бұл бағытта компания 78 млн. теңге жұмсаған болатын. Бұл мектепте біруақытта 250-ден астам бала музыкалық аспаптарда ойнауды үйрене отырып, өз вокалдық қабілеттерін ұштай алады. Ал мектепке Қазақ КСР мәдениетіне еңбегін сіңірген қызметкер, Қарақия ауданының құрметті азаматы Орын Құлсариев басшылық ететін болады.

-Есімде, облыс әкімінің Қарақия ауданының тұрғындарымен кездесуі кезінде осы өнер мектебін ашу туралы мәселе көтерілді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ осы іске мұрындық болуға уәде беріп, қаржыландыруды да өз мойнына алған болатын. Міне, бүгін осы салтанатты сәт тұды. Ауданның барлық тұрғындарын осы айтулы қуанышпен құттықтаймын! – деді мерекесі кезіндегі шарда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарушы директоры А.Айдарбаев.

Символикалық кілт мектеп басылығына тапсырылып, дәстүрлі түрде қызыл лентаны кескен соң жиналғандар оқу орнының жаңа ғимаратын көзбен

көруге мүмкіндік алды. Жайлы кабинеттер парталар, стулдар, мектепке қажетті құралдар және музыкалық аспаптармен толықтай жабдықталған.

- Бұл тек Жетібай кенті үшін ғана емес, барлық Қарақия ауданы тұрғындары үшін айрықша оқиға болып отыр, – деді Өнер мектебінің директоры Орын Құлсариев. – Біз балалардың табиғи таланттың жетілдіруге көмектесеміз. Жастардың бос уақытында шығармашылықпен шұғылдана алатындығы қуантады. Бұл – өте тамаша емес пе! «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және Маңғыстау облысының әкімдігіне аталмыш ерекше сыйы үшін жүреқарды алғысымызды айтымыз келді!

Мұнайшылар тек осы сыймен шектеліп қана қойған жоқ. Сәл кейінірек ауыл тұрғындары тағы бір маңызды оқиғаның куәсі болды – ол 280 орындық жаңа балабақшаның ашылуы болатын.

Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына арналған мерекелік шаралар Мұнайлы ауылында мерекелік концерт және отпашумен жалғасты. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ алдында он шақты көз тартарлық әдімі киіз үйлер тігілді, мерекеге келген қонақтар тек қана киіз үйді көріп қана қоймай, сонымен қатар, жайылған кең дастарханнан дәм татты. Қонақжай қазақтың заңы бойынша кең дастархан тек қана «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері үшін емес, сонымен қатар, сервистік компаниялардағы әріптестер, жақын маңдағы аудалардың тұрғындары, арнайы шақыртылған ардагерлер үшін де жайылды.

- Маған бүгінгі мереке қатты ұнады, – деп қуанышын білдірді «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ІДТЖШПЦ бастығы Жолдыбек Нығметов. Бұл мерекенің шынымен де бүкілхалықтық болғаны қатты қуантады, оған тек қана мұнайшылар емес, сонымен қатар, ауылдың барлық тұрғындары қатысты. Бір сөзбен айтсам бұл мереке барлықтарымызға ұнады! Алдымызда тағы да үлкен мерейтой бар – ол еліміздің Тәуелсіздігінің 20 жылдығы және бұл мерекені де «Жетібаймұнайгаз» ӨБ еңбектегі жаңа жетістіктерімен қарсы алатындығына сенімдімін.

Мәдени – ойын-сауық бағдарлама аясында алғаш игерушілерге құрмет көрсету және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ қызметкерлерін марапаттау шаралары өткізілді.





## «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мерейтой шаралары

### АҚТАУ



2 қыркүйек күні мерекелік эстафета қайтадан Ақтауда жалғасты. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайында аймақтың мұнайгаз өнеркәсібіне арналған экспозицияның ашылу салтанаты өтті. Ашылу салтанатына ҚР мұнай және газ министрі Сауат Мыңбаев, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ардагер-мұнайшылар және тағы да басқалар қатысты.

- Алғаш рет мұнай өнеркәсібіне арналған сол 1999 жылы еліміз Қазақстан мұнайының 100 жылдығын атаған кезде ашылған болатын, - деді облыстық тарихи-өлкетану мұражайының бөлім меңгерушісі Нұрболат Қалғанов. - Өткен жылдар бойы бөлім қызметкерлері Маңғыстауда мұнай өнеркәсібінің дамуы туралы құжаттарды жинау жұмыстарын жүргізді. Міне, биылғы жылы біз толықтай экспозициялық көрме зальын толықтырып, кеңейттік.

Содан соң Мемлекеттік Әнұран орындалып, Маңғыстау мұнайының 50-жылдығына арналған салтанатты жиналыс өңірдің барлық мұнайгаз өндіруші компанияларының қатысуымен басталды.

Мұнай және газ министрі Сауат Мыңбаев маңғыстаулық мұнай саласының еңбекқорларына, ҚР Президентінің мұнайгаз кешенінде атқарған нәтижелі еңбектері, ел экономикасының дамуына қосқан елеулі үлестері үшін ризашылығын білдірген және мықты денсаулық пен еңбекте табыс тілеген құттықтау хатын оқып берді!

Мұнай саласының құрылуы мен дамуына қосқан зор үлестері үшін министр алғашқы игеруші-ардагерлерді Премьер-министрдің қолы қойылған алғыс хаттармен, сонымен қоса Мұнай және газ Министрлігінің мақтау қағаздарымен марапаттады.

Маңғыстау мұнайының басында болып және осы салаға өмірлерін арнаған, туған өлкеңіз жағдайын жақсартуға күш салған мұнай саласының еңбекшілерін облыс әкімі Қ.Көшербаев құттықтады.

- Бұл айтулы күндері біз мұнайгаз өндіруге бар күш-жігерін аямаған

ардагерлерге үлкен құрмет көрсетеміз. Бүгінгі мерейтой – бұл мұнайгаз өнеркәсібінде жұмыс жасайтын адамдардың ерлігі күні, рухының күші күні, - деді облыс әкімі.

Маңғыстау мұнайының 50-жылдығы құрметіне Қ.Көшербаев алғашқы игеруші-ардагерлерге алғыс хаттар мен мерейтойлық медальдар табыс етті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Президенті Қайырғелді Қабылдин жиналғандарға «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Т.Құлыбаевтың атынан құттықтау хатын оқып, мұнай саласының үздік қызметкерлері мен ардагерлеріне мақтау қағаздары мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ естелік белгілерін табыстады.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Әсет Мағауов Маңғыстау мұнайшылары атынан Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа мұнайгаз саласының қызметкерлеріне көрсеткен ітпааты үшін алғыс хатын оқып берді.

Мұнайшы-ардагерлер атынан Жолдас Тоқжанов сөз сөйледі. Ол ардагерлер ҚР Президентінің саясатымен қанағаттанатындақтарын және ел экономикасын дамыту жөніндегі Құдіретті жүргізіп жатырған шараларын қойдытыңдықтарын айтты.

- Еңбегіміз босына болмағандығы, сонымен қатар қалыптасқан дәстүрдің берік болуы қатты қуантады. Бұлардың барлығы жұмыс эстафетасын сенімді қолға тапсырғанымызды білдіреді. Тағы бір маңызды жойт, бұл маңғыстау мұнайшыларының тек қана аға буынның жұмысын жалғастырып қоймай, сонымен қатар, өндіріске жаңа технологияларды еңгізуі, жоғары қорсеткіштерге ұмтылуы, - деді Жолдас Тоқжанов.

Мерекелік шаралар аясында сол күні кешке Ақтау қаласының «Астана» алаңында қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен мерекелік концерт өтті.

- Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына арналған мерекеге қатысу мен үшін үлкен қуаныш, - деп атап айтты атақты өңші, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұрлан Өнербаев. - Барлық мұнайшыларды мерекелерімен құттықтай отырып, оларға бақыт, еңбектеріне табыс тілеймін!

Мұнайшылармен бірге мерейтойды атап оту үшін алаңға мыңдаған қала тұрғындары мен Қазақстанның теңіз жағалауындағы астанасына келген қонақтар жиналды.

- Мен Ақтауға қызмет бабымен келдім және мерекені де көре алдым, - дейді Алматы қаласының тұрғыны Илияс Жүнісбеков. - Маған өте қатты ұнады. Өте жақсы мереке болды!

Көрермендер эстрада жұлдыздарымен бірге сүйікті әндерін орындап, биледі, шоу-бағдарлама түнгі аспанды жарқыратқан бояуға бояған керемет отшашумен аяқталды.





**ҚАЛАМҚАС**

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мерейтой шаралары**

3 қыркүйекте Маңғыстау мұнайының 50-жылдығы мерейтойына арналған салтанатты шаралар Қаламқас кенорнында өткізіліп жатыр.

Жартығасырлық мерейтойды Қаламқас мұнайшылары модульдік газкомпрессорлы стансаның, операторлық блоқтың ашылуы және Қаламқас кенорнындағы жатақхананың пайдаланылуға берілуімен қарсы алып отыр. Модульдік газкомпрессорлы станса ілеспе газды тазалауға арналған және оны әрі қарай Қаламқас кенорнына айдайтын жеті ауа сығымдағыштан тұрады.

Модульдік стансаның қуаттылығы мұнайды өндірудің көлеміне тікелей байланысты, - дейді мұнай өндіру, дайындау және тасымалдау цехы бастығының орынбасары Хадис Надилов. - Егер бүгінгі көлеммен есептесетін болсақ, оның өткізушілік қабілеті жазғы кезеңде 800 000 текшеметр газ, ал қыста бұл көрсеткіш - 1 млн. текшеметр газға дейін жетеді. Стансаның басты бағыты - ауаны дастауды болдырмау мақсатында ілеспе газды пайдаға асыру.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Әсет Мағауов пен оның бірінші орынбасары Сунь Синьюнь ашқан келесі нысан - қабат қысымын ұстау цехындағы операторлық блок болды. 22 адамға арналған операторлық блокқа, жұмысшылардың толық демалуы үшін барлық жағдай қарастырылған.

Күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілген вахталық поселкедегі жатақхана - бұл да ашылған жана өндірістік нысандардың маңызы кем емес. Салтанатты ашылу кезінде Ә.Мағауов 2012 жылы жаңадан тағы да үш блоктың құрылысы басталатынын, себебі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басты бағыттарының бірі қызметкерлердің қауіпсіз әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жасау екенін атап өтті.

Жатақханада өмір сүруге шынында да барлық жағдай жасалған, - дейді темір ұстасы-жөндеуші Серік Жұмбаев. - Компания бастылығының бізді түсініп, қызметкерлерге қамқорлықпен қарайтын қуантады. Ал біз өз кезегімізде Қазақстан мен Маңғыстау мұнайының дамып-гүлденуі жолында еңбек етміз.

Жаңа нысандардың ашылу салтанатынан кейін мерекелік шаралар басталды. Вахталық поселкеде таң атқаннан бастап мерекеге арнайы сөзденіп тігілген киіз үйлер қаланың пайда болды. Киіз үйлердің арасында ісімен тамсандыратын қазақ тағамдары қайнап жатқан қазандар - бауырсақ, қуырдақ, бешбармақ. Булардың барлығына ұлттық киімдегі қыздар басшылық жасады. Мерекелік дастарханды жаю барысында олар келген қонақтарға салқын сусындар, шұбат, қасында неше түрлі тәттісі бар қою шәймен қарсы алды.

Қалашықтың ортасында арнайы сахна орнатылды. Ең алдымен жүргізуші «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Әсет Мағауовқа сөз берді. Компания бастышы мұнайшыларды Маңғыстау мұнайының 50 жылдығымен құттықтады және бұл мерекенің ел үшін маңызы зор мерейтой - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен тұспа-тұс келгендігін айтты.

Компания бастылығы ерекше көзге түскен «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қызметкерлеріне мерейтойлық медальдар, құрмет грамоталарын, алғыс хаттарын табыс етті.

Салтанатты шаралардың ресми бөлігі өткеннен кейін концерттік бағдарлама және спорттық шаралар басталды. Кеш бойына мұнайшылар қазақстандық және маңғыстаулық эстрада жұлдыздарының шырқаған әндерін тамашалады, олар - Ақмарал Ерімбетова, Серік Сариевтің бастылығындағы «Жорға» би тобы, «Әуен» тобы, «А-Лау» дуэти және тағы да басқалар.

P.S. Міне барлық мерекелік шаралар аяқталып, барлық құттықтаулар айтылып, сыйлықтар табысталған кезде, мерекенің тамаша өткендігін айтуға болады! «Маңғыстаумұнайгаз» өз тарихында осындай көлемде мереке өткізген емес! Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы бүкілхалықтық мерекеге айналды - ол облыстың барлық тұрғындары мен қонақтарын біріктірді. Бұл Шараның әрбір қатысушысы - ол ардагер-мұнайшы немесе жас маман, цех бастығы немесе газдәкерлеушісі болсын - барлығы жақсы көңіл күй мен керемет әсер алды. Және де осы мерекенің басты қорытындысы - адамдардың бірігуі. Ал бұл өмірімізді қызықты әрі жарқын қылады. Бұл дәстүр міндетті түрде жалғасын табады!

Есназар Сұлтанов





# Маңғыстау мұнайының 50 жылдық мерейтойына арналған спорттық шаралар

Өрне «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да ешқандай мереке спорт жарыстарысыз өтпейді. Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына орай кіші-футбол, волейбол, үстел теннисі, қазақша күрес, армрестлинг, шахмат, боулинг, аркан тарту және т.б. спорттар бойынша жарыстар өткізілді. Спорттық жарыстарға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, сервистік компаниялардың және өңірдің басқа да мұнай компанияларының ұзақ спортшылары қатысты.



Спорттық жарыстарды кіші-футбол турнирі ашты. Тоғыз команда екі топқа бөлінді, әр қайсысының ішінен ең мықты екі команда автоматты түрде жартылай финалға жолдама алды. Ашылу ойынында «Жетібаймұнайгаз» және «Маңғыстаумұнайгаз» командалары кездесті, 7:1 есебімен Жетібай мұнайшылары жеңіске жетті. Жалпы алғанда турнир өте қызықты өтті, нәтижесінде бірінші жартылай финалда Қауіпсіздік Қызметі («ММГ» АҚ) және Қаражанбасмұнай командалары кездесті. Екі команда да жеңісті бергісі келмей, ойын тамаша өтті. Бірақ сол күні сәттілік Қаражанбасмұнай футболшыларында болды, әріптестеріміз жалғыз және жеңіс әкелген алғашқы голды ойынның аяқталар сәтінде салды. Екінші жартылай финалда «Жетібаймұнайгаз» және ОСС командалары кездесті. Өкінішке орай бұл ойын бір қақпалы ойын болғандай болды, ОСС спортшылары Жетібаймұнайгаз спортшыларын 10:2 есебімен жеңді.

Үшінші орынға және финалға шығу ойындары қызу болды. «Қола» үшін күресте Қауіпсіздік Қызметі жеңіске жетті (3:2). Осындай есеппен аяқтық ойында да ОСС Қаражанбасмұнай қызметкерлерін жеңді.

Волейбол бойынша турнирдің финалында Қауіпсіздік Қызметі екі партияда Қаламқасмұнайғадағы әріптестерін жеңді. Қола ОТК командасына бұйырды.

Үстел теннисі бойынша ортақ командалық ойында жеңіске Қаламқасмұнайгаз мұнайшылары жетті. Шахмат және бильярд бойынша ОТК қызметкерлерінен артық шеберлікті ешбір команда көрсетпеді.

Стендке ату бойынша Бегенін Сарсенов (ОТК) мергендігін көрсетті, ал боулинг бойынша жеңісті екі бірдей команда тойлады: Маркетинг және мұнай өткізу департаменті және Сатып алу және материалды техникалық жабықтық департаменті.

Айт кететін маңызды жәйт бұл, шахматтан өткен турнирге үш дүркін элем чемпионы Жансая Әбдімәліктің қатысуы. 11 жасар Жансая «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 10 қызметкерімен бір мезгілде ойнайтын шахмат сеансын өткізді және де барлық партияларда жеңісті бермеді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қауіпсіздік Қызметінің қызметкері Олег Пурцумия ойынның соңына дейін шыдағандардың бірі болды, бірақ ол да өзінің жеңілгенін мойындады.

«Жеңімпаз болсам да ойыннан тек қана жақсы әсер алдым, - дейді Олег. - Жансаяның өте талантты шахматшы екені көрініп тұр, ол алдын ала 10 жүрісін біліп отырады. Жансаяға мен тек қана үлкен жеңістер мен сәттілік тілеймін!

Спорттық шаралар сонымен қатар Қаламқас және Жетібай кенорындарында да өтті.

Қаламқас кенорында қазақша күрес бойынша екі категория бойынша сөзсіз Манас Иманкулов жеңіске жетті. Салмағы 70 кг болғандықтан қазылар алқасы оған 70 кг дейінгі және одан асатын екі категорияға да қатысуға рұқсат берді. Республикалық жарыстардың жүлдегері болып жүрген тәжірибелі балуан мерекелік турнирдің чемпионы атанды.

32 кг гир көтеруден Бауыржан Бекбосын алға шықты. Армрестлинг бойынша Аман Онгаров жеңіске жетті. Бағанаға мінуден (көмекші құрал-жабдықсыз) Сапар Нұрмұханбетов жеңімпаз атанды. Ерлер арасындағы үстел теннисі бойынша Вячеслав Безруков, әйелдер арасында Майра Ізбасханова жеңіске жетті.

Командалық спорт ойындары бойынша келесі командалар жеңімпаз атанды: аркан тарту және волейбол бойынша – МГОЦ-1, кіші футболдан – ГҚМАЖУ. Осындай жарыстар Жетібайда да өтті. Гир көтеруден Бауыржан Бекбосын ең мықты спортшы болды. Бағанаға ең тез мінген Узақбаев Еркебұлан. Үстел теннисінде Бекес Құлмұрынов, ал шапка бойынша Гүлнар Сабалақова жеңіске жетті.



Балуандардың күресінде 70 кг категориясында алтынды тағы да Манас Иманкулов еншіледі. Ал 70 кг дан жоғары категорияда Т.Қуанай ұздік атанды. Армрестлинг бойынша Қанат Көшербаевқа жеңіске ие болды.

Кіші футболдан өткен турнир бойынша ПҚЖПЦ командасы жеңіске жетті. Аркан тарту бойынша Технопроединг командасы үшін ойын сәтті болды.

Мерейтойлық спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері ұйымдастырушылардан бағалы сыйлықтар алды – ноутбуктер, плазмалық теледидарлар, музыкалық орталықтар, магнитолалар, қысқа толқынды пештер, шаңсорғыш және сандық фотоаппараттар.

Есназар Сұлтанов



**Мұнайлы Өлке**  
Меншік иесі:  
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ  
Редактор: Есназар Сұлтанов  
Редакция алқасы: А.Ақшаева  
М.Абдуллаева  
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., № 1 үй,  
тел:  
211-736, 211-734  
Газет айына 1 рет  
шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР  
Мәдениет және  
ақпарат  
министрінің  
өкілетінде  
есепке  
қойылып,  
№ 9675 - Г  
күенлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
Индексі: 64265  
Таралымы: 1500

«Маңғыстау-Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды.  
Ақтау қаласы,  
22 ш.а.  
тел: 605299  
Телсырыс:  
736